



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

**«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

**МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

**«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»**

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

10. Кузьмина О.В. Персональный тайм-менеджмент: развитие временной компетентности личности [Текст] / О.В. Кузьмина / УрГИ, ИСЭР. – Екатеринбург: УрГИ, 2012. – 240 с.

11. Танаева З.Р., Смаглий Т.И., Двуреченская С.Г. Временная компетентность как условие карьерного успеха специалиста// ҚМПИ Жаршысы. – 2018. – №4 (51). – С. 7-14.

12. Танаева З.Р., Смаглий Т.И., Петрушка А.Ю. Разработка модели формирования временной компетентности будущих учителей// ҚМПИ Жаршысы – 2020. – №2 (58). – С.86-93.

13. Калинин С. И. Тайм–менеджмент: Практикум по управлению временем / С. И. Калинин. – СПб.: Речь, 2006. – 371с.

ОӘЖ 378.1

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДАРЫН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Маханбетәбдиева Айнұр Маханбетәбдиқызы
Ысқақова Айгерім Нұрланқызы
«Педагогика және психология» ғылымдарының магистрлері
М.Мәметова атындағы Қызылорда
педагогикалық жоғары колледжі оқытушысы
ainur_0395@mail.ru

Аннотация

В статье рассматривается проблема подготовки будущих педагогов-психологов в системе инклюзивного образования. Особое внимание уделяется понятию "компетентность", ее развитию как одному из педагогических условий эффективной подготовки будущих специалистов.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, подготовка, инклюзивная среда.

Андапта

Мақалада инклюзивті білім беру жүйесінде болашақ педагог-психологтарды даярлау мәселесі қарастырылады. "Құзыреттілік" ұғымына, оны болашақ сеципистерді тиімді дайындаудың педагогикалық шарттарының бірі ретінде дамытуға ерекше назар аударылады.

Түйінді сөздер: құзыреті, құзыреттілік, дайындық, инклюзивті орта.

Abstract

The article deals with the problem of training future teachers-psychologists in the system of inclusive education. Special attention is paid to the concept of "competence", its development as one of the pedagogical conditions for the effective preparation of future specialists.

Key words: competence, competence, training, inclusive environment.

«Құзыреттілік» ұғымы дәстүрлі педагогикалық зерттеулерде кәсіби құзыреттілік немесе маман құзырлылығы ұғымдарымен қатар қолданылып келді. Ал қазіргі зерттеу жұмыстарында «құзыреттілік» тек маман біліктілігімен мамандыққа ғана қатысты емес, сонымен бірге ақпараттық, әлеуметтік, мәселені шешу, коммуникативтік құзыреттіліктері зерттеу пәніне айналуда.

«Құзыреттілік» ұғымының тағы бір маңызды жағына тоқталар болсақ, ол тек өз кәсібін жетік білетіндерге немесе үлкен адамдарға ғана қолданылатын мінездеме емес, сонымен қатар мектеп оқушыларына, студенттерге, тіпті мектепке дейінгі жастағы балаларға да берілетін мінез-құлық сапасы болып табылады. Әлемдік педагогика ғылымында құзыреттілік білім сапасының өлшемі ретінде алынған.

«Құзыреттілік» ұғымы педагогика ғылымында, соңғы уақыттан түрлі түсіндіріліп келеді. С.Е.Шишовтың ғылымиз ерттеулерінде

«Құзыреттілік» ұғымдары жеке тұлғаның білімі мен тәжірибесі, іс-әрекетке даярлығы және жалпы қабілеттілігі, тұлғаның оқу-танымдық үдеріске өздігімен қатысуы және оның еңбек әрекетінің нәтижеге бағытталуы ретінде анықталса [1], А.В.Хуторскойдің пікірінше, құзыреттілік жеке тұлғаның өзара байланысты сапаларының үйлесімін құрайды [2]. В.Н.Шамовтың айтуынша, құзыреттілік ақиқаттың аясындағы білім, білік, тәжірибе, саналы бағдар жиынтығы [3]. Бірқатар еңбектерде оны кәсіби еңбек нәтижелігін анықтайтын біліммен біліктіліктің жиынтығы, кәсіби және жалпы мәдени көрсеткіштердің бірлігі тұрғысынан қарастырған. И.А.Зимняяның көрсетуінше, білім алу нәтижесінде тұрақталған, білім

мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның әрекет жасауға дайындығы және осыған орай, жалпы қабілеттері—оның құзыреттілігі [4].

М.А.Ғалымжанованың пікірінше [5], құзыреттілік бұл арнайы қабілеттілікті білдіреді, белгілі бір пән бойынша білімі, пәндік дағдыларымен ерекше ойлау қабілеттерінің болуы және өз іс-әрекетіне деген жауапкершілігі. Құзыреттілік Автордар ат тұлғаның өзіндік қабілеттерімен мәртебесі аясында қоғамда ойдағыдай жұмыс істеуге мүмкіндік беретін белсенділіктің әлеуметтік және жеке – дара формасын үйрету деңгейі деген анықтамасынан адам білімі, білігі, дағдысы және тәжірибесі құзыреттіліктің негізі екендігі анық байқалып отыр.

Елімізде М.А.Ғалымжанова болашақ мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттарын жүйелей келе, құзыреттілік—бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалармен міндеттерді иімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік деп тұжырымдаған. Бұл еңбекте өзінің зерттеу жұмысын 12 жылдық мектепке өту мәселесінің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін анықтауға арнай отырып, оның нәтижесі ретінде құзыреттілікті оқыту нәтижесін өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, мәселені шеше білу, оқушылар дайындығы сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа деп бағалады.

Сондықтан 12 жылдық оқыту мерзімімен бекітілген мемлекеттік жалпығаміндетті жалпы орта білім беру стандартының мазмұны бастауыш білім беру деңгейінде оқушының жеке ерекшелігіне қарай білім нәтижесі ретінде проблеманың шешімін табу, ақпараттық және коммуникативтік деп аталатын құзыреттер түрінде белгіленген. Жоғарыдағы ғылыми тұжырымдарды талдаудан, «құзыреттілік» ұғымын екі жақтықар астыруға болады: бірінші, тұлғалық сапа ретінде, екінші, білім, дағды, тәжірибе және қабілеттің өзарабайланысы тұлғаның білімділік деңгейін білдіреді. Құзыреттіліктің негізі білім, білік, дағды болып табылып, практикалық іс-әрекет нәтижесінде тұлғалық сапақалыптасады. Сол себепті педагогикалық еңбектерді талдай отырып мынадай қорытындылар шығаруға болады:

1) Құзыреттіліктің түрлерін өте көп деп жорамалдауға болады, бірақ нақты түрлері әлі жүйеленбеген. Адамның іс-әрекеті қанша болса, құзыреттіліктің детүрлері соншалық көп болары сөзсіз. Көп жағдайда кәсіби құзыреттілік және кәсіби емес құзыреттілік деп бөлінуі мүмкін (ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік т.б.).

2) Құзыреттіліктің жасерекшелігі шегін анықтауда қиындықтар туындайды. Қазіргі зерттеушілер маман ретінде құзыреттілікті мектепке дейінгі балалармен бастауыш сынып жасындағы балалардың маңызды мәселесі ретінде қарастыруда. Қазіргі таңда құзыреттілікті тұлғаның күрделі мәдени жиынты қис-әрекеті түрлерін жүзеге асырудағы қабілеттілігі деп түсінуге болады.

3) Тұлғаның қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурс-тарды тиімді іске асыруға дайындығы. Сыртқы ресурстарға білім, білік, дағды, құндылықтар жатады.

Сонымен, құзыреттілік – тек білім мен біліктің жай ғана жиынтығы емес, керісінше субъектінің өмірде кездесетін түрлі проблемалық жағдаятта қандай әрекет қолдану керектігін анықтай алуы және оны іске асыру жолында меңгерген білімімен білігін ұштастыра алу қабілеті. Құзыреттілікті меңгерудің қайнар көзі—тұлғаның мәдениет, тілдік қарым-қатынас тәжірибесі, тұлға аралық тәжірибесі, өнерді қабылдау тәжірибесі. Олай болса, құзыреттілік баланың өзінің түрлі өмір жағдайларында сөйлеу дағдыларын ұтымды қолдануының нәтижесі деп саналып, әрекеттен тыс құзыреттіліктің қалыптасуы мүмкін емес. Бұл нәтижелер жиынтығы оқушының оқу-танымдық әрекетіндегі өзіндік қызметін анықтауына, өзінің бағдарымен өз іс-әрекетіне баға беруіне, іс-әрекет нәтижесін өзгемен салыстыруға мүмкіндік туғызады.

Енді осылардың ішінен біз кәсіби құзыреттілікті қарастыруды жөн көріп отырмыз.

XX ғасырдың 50-60—шы жылдарында жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде түбірлі өзгерістер болды. Бұл кезеңді тек ғылыми-техникалық прогреске сай ғана емес, сонымен қатар ең бастысы әлеуметтік сұранысқа сай дайындалатын маманның үлгісін қалыптастырудың зерттеушілік және практикалық жұмыстарының бастамасы деуге болады. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде жоғары білімді маман дайындау мәселесінде модельдеу қажеттігі туралы мақалалар шыға бастады. Мұның өзі ғылымның көптеген салаларында модельдеудің тиімді тәсіл ретінде қолдануға жол ашты және зерттеулердің әртүрлілігі бір үлгідегі нормативтік құжат ретіндегі маманның біліктілік сипаттамасын жасауға әкелді. Өткен ғасырдың 70-жылдарында қысқа мерзімде жүзге жуық маманның кәсіби – біліктілік сипаттамасы жасалды. Жоғары білім беру жүйесінде мұндай қозғалыс

1979 жылдан басталып, министрліктің нұсқау хатымен кәсіби-біліктілік сипаттамасын жасауға нұсқау берілді.

Егеменді калғаннан кейін әр республика жоғары кәсіптік білім беруді дамытудың тұжырымдамасын жасау қажет болды. Қазақстан Республикасы Лиссабон Конвенциясының ұстанымдарымен критерийлеріне сәйкес сөзінің тұжырымдамасын анықтады. Тұжырымдаманың негізі Халықаралық білім берудің біліктілік стандартының ұсыныстарына сүйенді. Жоғары кәсіптік білімді

дамытудың қабылданған тұжырымдамасына сәйкес бакалавриат, магистратура стандарттары жасалды. Оларда алғаш рет «маман моделі» термині қолданылып, *түйінді құзыреттіліктеріне және кәсіби құзыреттілігіне* қойылатын талаптар» белгіленген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің ҚР МЖМБС 3.08.252-2006 мемлекеттік стандартында 5B010300 – «Педагогика және психология» – мамандығы бойынша бітірген түлекке «Педагогика және психология бакалаврі» академиялық дәрежесі беріледі. Қазіргі кезде психология, педагогика ғылымдарында болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы мен дамуы үдерісіндегі мазмұны мен құрылымын зерттеудің профессиографиялық, деңгейлік және міндеттік сияқты бірнеше тәсілдері бар екені байқалады.

Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев профессиограмманы түрліше жетілдіріп, маманның кәсіби сапаларына нықтауда бірнеше нұсқаларын ұсынды. В.А.Сластенин педагогтың профессиограммасында оның жеке тұлғасының инвариантты, мұрат етілген параметрлері болу керек деп есептейді [6]. Ол мұғалімге қойылатын талаптарды бір-бірімен байланысты және бірін-бірі толықтыратын жалпы азаматтық сапалар, мұғалім кәсібінің өзіндік ерекшелігін көрсететін сапалар және мамандық бойынша арнайы білім, икемділік және дағдылар түріндегі үш негізгі компонентке біріктіреді.

Студент өзінің психологиялық-физиологиялық сапаларына педагогтық қызметке дайын болуы мүмкін, бірақ теориялық немесе практикалық жағынан әлі айын емес. Мұғалімнің кәсіби дайындығы ұғымын құрайтын тұлғалық және кәсіби сапаларды профессиограммат үрінде көрсетуге болады. Профессиограмма – мұғалімнің тұлғалық сапасының, қажетті педагогикалық және арнайы білімдерімен біліктерінің жиынтығы. Педагогтарды кәсіби даярлау жөніндегі зерттеулерді бірнеше топқа бөлуге болады. Профессиограммаға арнаулы орта білім беру мазмұны нәтижесінде құрылатын, сондай-ақ маманның кәсіби сапасы үшін қажетті кәсіби білімнің, білікпен дағдылардың жиынтығы енеді. Оны жасау барысында біз педагогты кәсіби даярлау проблемасы бойынша зерттеулерде баяндалатын әртүрлі көзқарастарды есепке алдық. Басқа бір бағыт педагогикалық қызметтің құрылымын ашумен сипатталады. Онда негізгі компоненттер ретінде мотивациялық, мазмұндық, үдерістік, бағалаушылық болып жіктеледі. Үшінші бағытта мұғалім қызметінің жекелеген түрлері бойынша білім қалыптастырудың мазмұны, түрлері қарастырылады.

Алғашқы профессиограммалық зерттеуге Смирнов С.А., И.Б.Котова, Е.Н.Шиянов, Т.И.Бабаевалардың ғылыми зерттеулерін жатқызуға болады [7]. Ғалым педагогиканың әдістемелік негіздерін, категорияларымен заңдылықтарын, тұлғаның даму жолдарымен әлеуметтік қалыптасуын, балалардың барлық жастағы даму кезеңдерінде болатын анатомиялық-физиологиялық, жастық және дербестік ерекшеліктерді білуді қарастыратын жоғары психологиялық-педагогикалық даярлықты мұғалім кәсібилігінің шешуші белгісі деп есептейді. Сонымен қатар ол педагогтың бағыттылығын дәбір көрсеткіш ретінде санайды.

К.Н.Дурай-Новакова мұғалім даярлау бағытында жүзеге асырылған жұмыстарды барлық қырларының өзіндік аспектілері бойынша топтастыра келіп, оларды негізгі екі топқа бөледі: оның алғашқысына ерекше ұзақ немесе қысқа мерзімді кәсіпке байланысты айқындалатын даярлаудың психологиялық аспектілеріне жасалған зерттеулер жинақталса, екіншісіне даярлаудың алуан түрлі іс-әрекет түріне жасалған зерттеулері енеді.

Мұғалім бір жағынан өмір сүріп отырған кезеңнің қажеттілігіне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып тәрбиелесе, екінші жағынан, мәдениетті сақтаушы, жеткізуші, тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашақ қызмет етеді.

Сондықтан психолог-педагог қызметінің құрылымының ішінде өзара тығыз байланысты құрастыру, ұйымдастырушылық және коммуникативтік әрекеттер басымдық мәнге ие. Құрастыру қызметі мұғалімнің құрастыру–мазмұндық (оқыту үдерісін жоспарлау, құру мен материалдарды іріктеу) және құрастыру – әрекетті көзінің және оқушының іс-әрекетін жоспарлау) қызметтерінен тұрады. Коммуникативтік қызметі мұғалімнің оқушылармен, өзге де педагогтармен, ата – аналармен, қоғаммен мақсатты қарым – қатынас орната білуімен айқындалады кесте- 2.

1 кесте – Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет етуге болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Тұғырдың атауы	Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет етуге болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін ясындағы мазмұны
Тұлғалық (В.В.Сериков, В.А.Сластенин, И.С.Якиманская)	Мүмкіндігі шектеулі тұлғаға субъект ретінде қарау.Тұлғаның өзіндік ерекшелігіне бағыттай отырып, оның әлеуетін, өзіндік сапаларына шабілуге және дамытуға бағдарлау (бұндай балалардың көбі өзіне сенімсіз болғандықтан тұйықтау келеді).
Әрекеттік (Н.В.Кузьмина, Т.Г.Браже,Л.С.Рубинштейн, Л.Ф.Спирин)	Тұлғаның өздігінен мақсат қоя білуі, іс-әрекетін жоспарлауы, орындауы, нәтижеге жете білу (өз тарапынан аманның қолдау көрсетуі).
Құзыреттілік (Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Дж.Равен)	Тұлғаның нақты әрекет пен үдерістерде тиімді, өнімді әрекеттер жасай алу қабілетін, дара тұлға сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.
Мәдениетнамалық (Е.В.Бондаревская, И.Ф., Исаев, Б.С.Гершунский)	Тұлғаның мәдени қалыптасқандығы, дамығандығы, білімділігі, адамдар арасындағы қатынастағы мәдениеттілік нәтижесі (мүмкіндігі шектеулі балалар шығармашылыққа жақын келеді).
Ақпараттық (Т.О.Балықбаев, Е.Ы.Бидайбеков, Б.Д.Сыдықов)	Тұлғаның ақпараттық сауаттылығы, ақпараттық телекоммуникативтік технологияларды қандай да болсын істе қолданабілуі.

Ұйымдастырушылық қызметі—мұғалімнің оқушыларды әрекеттің әртүрінет арта білуімен, ұйымшыл ұжым қалыптастыру және оқушыларды ұжымда жұмыс жасай алуға үйрете білуімен анықталады. Зерттеу жұмысында инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды біз, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі теориясыдерекемелерінесүйеніпнегіздедік.

Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет етуге болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін бірнеше кезеңнен тұратын үдеріс. Ол студенттің педагогикалық оқу орнына түспестен бұрынбасталғанмен, оныб ітіруімен бір мезгілде аяқталмайды. Оның педагогикалық мамандыққа қажетті сапалық сипаты кәсіби тұлға ретінде қалыптасуының әр кезеңінде түрліше дамып отырады: педагогикалық мамандыққа түскенге дейін, кәсіби-педагогикалық дайындық кезінде және маман ретінде өзбетінше жұмыс жасауы кезінде. Бірақ осы кезеңдердің арасында адамды кәсіби педагог тұлғасына дейін дамытатын өзарасабақтастық болуы шарт.

Мұғалім бір жағынан өмір сүріп отырған кезеңнің қажет тіліне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып әрбиелесе, екінші жағы нан мәдениетті сақтаушы, жеткізуші тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашаққа қызмет етеді. Әсіресе, қазіргі ақпараттағыны толассыз құйылған, өзгермелі заманда жасұрпаққа біліммен тәрбиеберетін мұғалімнің қызметік үрделене түскені белгілі.

Сондықтан педагог-психологтар қызметінің құрылымының ішінде өзара тығыз байланысты құрастыру, ұйымдастырушылық және коммуникативтік әрекеттер басымдық мәнге ие. Құрастыру қызметі мұғалімнің құрастыру-мазмұндық (оқыту үдерісін жоспарлау, құру мен материалдарды іріктеу) және құрастыру-әрекеттік (өзінің және оқушының іс-әрекетін жоспарлау) қызметтерінен тұрады. Ұйымдастырушылық қызметі – мұғалімнің оқушыларды әрекеттің әртүріне тарта білуімен, ұйымшыл ұжым қалыптастыру және оқушыларды ұжымда жұмыс істей алуға үйрете білуімен анықталады. Коммуникативтік қызметі мұғалімнің оқушылармен, өзгеде педагогтармен, ата-аналармен, қоғаммен мақсатты қарым-қатынас орната білуімен айқындалады.

Жоғарыдағы ғалымдардың пікіріне сүйене келе, «*болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі - педагогтың жеке бас сапалары меноның психологиялық – педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби және дидактикалық құзыреттілігінің үйлесімділігі, тұлғалық кәсіби сапаларын үздіксіз дамыта білу қабілеті*» деп анықтадық.

Аталған дайындық сапалары болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мазмұны арқылы жүзегеасады.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің негізін құрайтын ұстанымдарды былайша белгіледік: маманды

даярлауға саралау көзқарас негізінде жүзеге асатын педагогикалық үдерістің мақсаттылығы ұстанымы; мамандарды терең әдіснамалық және теориялық тұрғыда даярлау қажеттілігімен осы даярлықтың практикалық-қолданбалық бағыттылығын күшейту арасындағы қайшылықты шешуге бағытталған теорияның практикамен өзара оңтайлы байланысы ұстанымы; болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың үздіксіздігін сипаттайтын үздіксіздік және сабақтастық ұстанымы және мамандықтандаудың баламасы ретінде барлық білім жүйесінде (жалпы білім беретін мектептер, шағын комплектілі мектептер, гимназиялар, лицейлер) басқарушылық, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік сипаттағы шаралар жүйесін жүзеге асыру негізінде жетілетін жас маманның кәсіби бейімделуі ұстанымы.

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруды әдіснамалық, теориялық, оқу-әдістемелік және ақпараттық технологиялық тұрғыда қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми-әдістемелік жүйесі жасалды. Жүйеде аталған сапаны қамтамасыз етудің әр бағытының мәнімен мазмұны анықталды.

Жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін алыптастырудың психологиялық дайындығында кіші жастағы оқушылардың пәндерді қызығып оқуға ынтасын арттыра білуге дайындығы, болашақ мұғалімнің кәсіби тұлғалық қасиеттері, педагогикалық мәселелерді шеше білу, бастауышта оқыту әдістерімен технологияларын меңгеруі қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Шишов С.Е., Агапов И.Т. Компетентностный подход к образованию как необходимость // Мир образования – образования в мире (Сб. науч. тр). – Москва, 2017. – С. 8-9.
- 2 Хуторской А.В. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования. – Москва, 2017. – С. 36-38.
- 3 Шамов В.Н. Процесс обучения и его закономерности. – Москва, 2017. – 323 с.
- 4 Зимняя И.А. Компетентностный подход в образовании. – Москва, 2017. – С. 34-38.
- 5 Ғалымжанова М.А. Болашақ мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту. – Алматы, 2018. – Б. 56-58.
- 6 Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование: теория и практика. – Монография. - Алматы, 2021. - 117 с.
- 7 Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы., 2020. – Б. 52-57.

УДК 371.3

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ИГРЫС УЧАЩИМИСЯ МЛАДШИХ КЛАССОВ НА УРОКАХ И ВНЕУРОЧНОЕ ВРЕМЯ, КАК ФАКТОР В ДОСТИЖЕНИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ЦЕЛЕЙ

Миллер Татьяна Борисовна
учитель начальных классов
бакалавр педагогики и психологии
ГГУ "Костряковская общеобразовательная школа"
Отдела образования Федоровского района"
Управления образования акимата Костанайской области"
Казахстан
millertad@mail.ru

Абдуалиева Анета Евгеньевна
музыкальный руководитель, бакалавр музыкального образования
КГКП «Ясли-сад № 3» отдела образования города Костаная»
Управления образования акимата Костанайской области)
Казахстан

Аннотация

Данная статья предназначена для педагогов-психологов и учителей начальных классов, в которой говорится о применении психологических игр на уроках и внеурочное время с младшими школьниками. Акцентируется внимание на оказании психологической поддержки ребенку через игру. Ребенок, ощущающий уважение к себе и уверенность в своих силах, более благополучен эмоционально, чем ребенок, которого просто любят и заботятся.